

DOI: <https://www.doi.org/10.32523/2791-0954-2022-1-1-74-90>

Еуропалық Одақ шеңберінде зияткерлік меншікті қорғаудың құқықтық аспектілері

Жұлдыз Т. Сайрамбаева

заң ғылымдарының кандидаты, доцент

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

e-mail: zhuldyz.sairam@gmail.com;

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8213-8622>;

JEL-code: O34 Intellectual Property and Intellectual Capital

Мадина Н. Нуртай

«Халықаралық құқық» мамандығының докторанты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

e-mail: madinur@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0881-145X>;

JEL-code: O34 Intellectual Property and Intellectual Capital

Түйіндеме. Бүгінгі таңда зияткерлік меншіктің маңыздылығы технологияның дамуына және халықаралық сауда көлемінің ұлғаюына байланысты артып келеді. Еуропалық Одақ (ЕО) халықаралық деңгейде танылған ұйым ретінде зияткерлік меншік құқықтарын қорғау талаптарын стандарттауға және оларды нарықтың жаңа жағдайларына байланысты бейімдеуге баса назар аударады. Мақалада ЕО шеңберінде зияткерлік меншікті құқықтық реттеудің жалпы сипаттамасы мен ерекшеліктері қарастырылады. Жұмыстың мақсаты ЕО-ның мүше елдеріндегі ғылыми-техникалық үдерістің нәтижелерін және олардың халықаралық бәсекеге қабілеттілігін күшейту мақсатында зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды жетілдіру жөніндегі іс-шараларын талдау болып табылады. Сондай-ақ, ЕО-ның зияткерлік меншік құқықтарын қорғауының басты себептері мен оның қызметінің негізгі бағыттары, атап айтқанда, ұлттық қорғау нормаларын жақындастыру талданады.

ЕО-ның зияткерлік меншікті қорғау саласындағы заңнама алдында тұрған негізгі міндеттері мен авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы саясатының негізін қалаушы құжаттарды талдауға да назар аударылды. Сонымен бірге, ЕО-да зияткерлік меншікке қатысты құқықтарды қорғаудың Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ) Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімінің (ТРИПС жөніндегі келісім) талаптарымен байланысы атап өтіледі. Зерттеуді жүргізу барысында ғылыми абстракция, сараптамалық бағалау және құрылымдық талдау секілді жалпы ғылыми әдістер қолданылды. Авторлар зерттеу жүргізу шеңберінде ЕО-ның мүше елдері арасында зияткерлік меншік құқықтарын қорғау тәжірибесі жеткілікті жоғары деңгейде екенін анықтап және бірқатар елдерде инновациялардың белсенді дамуына ықпал ететіні туралы қорытындыға келеді.

Негізгі сөздер: ЕО, ДСҰ, ТРИПС жөніндегі келісім, зияткерлік меншік, құқықтық реттеу, авторлық құқық, патенттік құқық.

Правовые аспекты охраны интеллектуальной собственности в рамках Европейского Союза

Сайрамбаева Ж.Т.

кандидат юридических наук, доцент

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

e-mail: zhuldyz.sairam@gmail.com;

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8213-8622>;

JEL-code: O34 Intellectual Property and Intellectual Capital

Нуртай М.Н.

докторант специальности «Международное право»

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

e-mail: madinur@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0881-145X>;

JEL-code: O34 Intellectual Property and Intellectual Capital

Аннотация. Сегодня важность интеллектуальной собственности возрастает в связи с развитием технологий и увеличением объемов международной торговли. Европейский союз (ЕС), как международно признанная организация, уделяет особое внимание стандартизации требований по защите прав интеллектуальной собственности и адаптации их к новым условиям рынка. В статье рассматриваются общие характеристики и особенности правового регулирования интеллектуальной собственности в рамках ЕС. Целью работы является анализ результатов научно-технического процесса в странах-членах ЕС и мероприятий по совершенствованию защиты прав интеллектуальной собственности с целью усиления их международной конкурентоспособности. Также анализируются основные причины защиты прав интеллектуальной собственности ЕС и основные направления его деятельности, в частности, сближение национальных норм охраны.

Особое внимание было уделено анализу основных задач, стоящих перед законодательством ЕС в области защиты интеллектуальной собственности, и основополагающих документов политики в области авторских и смежных прав. Вместе с тем, отмечается связь защиты прав в отношении интеллектуальной собственности в ЕС с условиями соглашения Всемирной торговой организации (ВТО) по Торговым аспектам прав интеллектуальной собственности (соглашение по ТРИПС). При проведении исследования использовались общенаучные методы, такие как научная абстракция, экспертная оценка и структурный анализ. Авторы в рамках проведения исследования устанавливают,

что опыт защиты прав интеллектуальной собственности среди стран-членов ЕС находится на достаточно высоком уровне, и приходят к выводу о том, что он способствует активному развитию инноваций в ряде стран.

Ключевые слова: ЕС, ВТО, соглашение по ТРИПС, интеллектуальная собственность, правовое регулирование, авторское право, патентное право.

Legal aspects of intellectual property protection within the European Union

Sairambaeva Zh.T.

PhD in Law, Associate Professor

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

e-mail: zhuldyz.sairam@gmail.com;

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8213-8622>;

JEL-code: O34 Intellectual Property and Intellectual Capital

Nurtay M.N.

doctoral student of the specialty «International law»

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

e-mail: madinur@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0881-145X>;

JEL-code: O34 Intellectual Property and Intellectual Capital

Abstract. Today, the importance of intellectual property is increasing due to the development of technology and the increase in international trade. The European Union (EU), as an internationally recognized organization, pays special attention to the standardization of requirements for the protection of intellectual property rights and their adaptation to new market conditions. The article discusses the general characteristics and features of the legal regulation of intellectual property within the EU. The aim of the work is to analyze the results of the scientific and technical process in the EU member states and measures to improve the protection of intellectual property rights in order to strengthen their international competitiveness. It also analyzes the main reasons for the protection of intellectual property rights of the EU and the main directions of its activities, in particular, the convergence of national standards of protection.

Special attention was paid to the analysis of the main tasks facing the EU legislation in the field of intellectual property protection and the fundamental documents of the policy in the field of copyright and related rights. At the same time, there is a link between the protection of intellectual property rights in the EU and the terms of the World Trade Organization (WTO) Agreement on Trade-Related Aspects of Intellectual Property Rights (TRIPS Agreement). General scientific methods such as scientific abstraction, expert evaluation and structural analysis were used in the research. As part of the study, the authors establish that the experience of intellectual property rights protection among the EU member states is at a fairly high level, and

conclude that it contributes to the active development of innovation in a number of countries.

Key words: EU, WTO, TRIPS Agreement, intellectual property, legal regulation, copyright, patent law.

Kіріспе

Зияткерлік меншік саласын дамытудың қазіргі кезеңін жаңа келісімдер мен ережелердің пайда болуымен, халықаралық реттеудің қазіргі кезеңін тереңдетумен және қайта қараумен сипаттауға болады. Өзгерістердің негізгі көздері елдердегі инновациялық қызметінің өсіп келе жатқан маңыздылығы мен жаһандық процестер болып табылады. Еуропада мемлекеттердің егемендігін ескере отырып, зияткерлік меншік құқығы, ең алдымен, экономикалық және мәдени алмасуларға кедергі келтіретін аумақтық қағидаларға сәйкес келуі керек.

Сонымен қатар, зияткерлік меншік қазіргі заманғы жаһандық сауда жүйесінің басты назарында болғандықтан: 1994 жылы ДСҰ-ны құру кезінде саудаға байланысты ТРИПС жөніндегі келісім арқылы қарастырылды. Еуропада экономикалық және саяси қоғамдастықтың жалғасып жатқан құрылысы еуропалық қауымдастықтан ДСҰ-ның зияткерлік меншік туралы Заңына жүгінуді талап етті (Piotraut, 2004).

Еуропалық комиссия ЕО-дағы зияткерлік меншік құқықтарына қатысты заңдарды үйлестіру және жетілдіру, сондай-ақ жаһандық деңгейде тең жағдайды қамтамасыз ету үшін жұмыс істейді. Зияткерлік меншіктің сенімді жүйесі-шығармашылықты қолданудың әрі, инновациялық кәсіпорындардың өсуін қамтамасыз етудің ең жақсы тәсілі болып саналады.

Сонымен қатар, зияткерлік меншік ЕО тұрақтылығын қолдаудың және дағдарыс кезінде экономиканы қалпына келтірудің негізгі тетігі болып табылады. Бірақ сонымен бірге зияткерлік меншікке қол жеткізудің өзі әділ шарттармен жеңілдетілуі керек. Бұл жағдайға байланысты құқықтық базаны және зияткерлік меншік жүйесін әзірлеу Комиссия тарапынан орындалады және ұсынылады (www.esa.europa.eu).

Б.Н. Топорнин атап өткендей, «екінші жағынан, Еуропалық Қауымдастықтар мен Еуропалық Одақтың құқығын зерттеу үлкен танымдық қызығушылық тудырады. Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің интеграция процесінде қазіргі заманның күрделі құқықтық мәселелерінің көптеген шешімдері табылады және сыналады, құнды тәжірибе жинақталады» (Топорнин, 1998:8).

Еуропалық ережелердің болашақта дамуы зияткерлік меншік құқығын үш күрделі қиындыққа алып келеді. Біріншіден, үйлестіру болып табылады. Егер ЕО инновацияларды ұлттық кедергілерсіз орын алатын аймаққа айналдырғысы келсе, зияткерлік меншік құқығы саласындағы шынайы еуропалық саясат пен институттарға көшу қажет. Екіншіден, теңгерімге назар аудару қажеттігі туындайды. Ғалымдар эмпирикалық және теориялық еңбектерінде зияткерлік меншіктің көбірек саны мен күшті құқықтары әрқашан инновация үшін пайдалы деген жеңілдетілген пікірмен дауласады. Авторлық құқықтың тепе-теңдігін

сақтау үшін тұтынушының адал пайдалану құқығын байыпты қарау керек. Пайдаланушылардың шығармашылығы өсіп келе жатқан кезеңде қоғамдық игілік күшейтілуі керек. Үшіншіден, бағалау рәсімі шеңберінде берілген баға жоғары сапалы болуы тиіс, атап айтқанда, Еуропалық патенттік ведомство жаңалықтың және өнертапқыштық деңгейдің қатаң стандарттарына негізделген жоғары сапалы патенттік құқықтарды беруге ұмтылуы тиіс (Verma, 2021).

Жаһандық экономика жағдайында зияткерлік меншікті жоғалту, әсіресе зияткерлік меншік туралы заңнаманы құрметтеу аз дамыған аймақтарда бизнесті жүргізу кезінде компаниялар тап болуы мүмкін негізгі тәуекелдердің бірі болып табылады (Reid, 2012). Сондықтан да Еуропадағы зияткерлік меншік туралы заңнама тек ұлттық заңдарға негізделетін Еуропалық Одақтың ішінара заңнамасына айналды, осы тұрғыда оның маңыздылығы күн сайын артып келеді.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы зерттеу барысында «Ақпараттық қоғамдағы авторлық және сабақтас құқықтарының кейбір аспектілерін үйлестіру туралы» 2001 жылғы 22 мамырдағы Еуропалық Парламент пен Кеңестің 2001/29/ЕО Директивасы, «Деректер базасын құқықтық қорғау туралы» 1996 жылғы 11 наурыздағы № 96/9/ЕО Директивасы, «2006/116/ЕО Директивасына авторлық және кейбір сабақтас құқықтарды қорғау мерзімдері туралы өзгерістер енгізу туралы» 2011 жылғы 27 қыркүйектегі Еуропалық Парламент пен Кеңестің 2011/77/ЕО Директивалары пайдаланылды. Сондай-ақ, ДСҰ шеңберінде 1994 жылы 15 сәуірде қабылданған «Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімі» т.б. бар.

Зерттеудің әдіснамалық негізі жүйелік тәсіл болды, атап айтқанда, зерттеуде келесі әдістер қолданылды: нормативтік құқықтық актілерді синтездеу, жүйелік-құрылымдық талдау, салыстырмалы-құқықтық. Сонымен қатар, мақала жазу барысында танымның тарихи-құқықтық әдісі негізінде ЕО-ның зияткерлік меншік құқығын қорғау саласындағы үйлестіру актілерінің генезисі мен одан кейінгі эволюциясына қатысты зерттеулер жүргізілді.

Талқылаулар

Еуропалық Одақтағы зияткерлік меншікті реттейтін халықаралық келісімдерді талдауға кіріспес бұрын, осы келісімдердің өзгеру кезеңдері мен себептерін қарастыру қажет. Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысына дейін еуропалық елдер (мысалы: Голландия мен Ұлыбритания) патенттік қорғауды ұсынуға қарсы болды және олардың өндірісінің белгілі бір даму дәрежесіне жеткеннен кейін ғана жасау туралы шешім шығарды. Сол сияқты авторлық құқық та еуропаның кейбір елдерінде (Бельгия) қорғалмады, өйткені баспагерлер шетелдік баспагерлердің шығармашылық жұмыстарын пайдаланғысы келді, бірақ ол үшін ешқандай сыйақы төлегісі келмеді.

Еуропа елдері Африка, Азия және Латын Америкасы сияқты әлемнің көптеген бөліктерін отарлағаннан кейін, олар өздерінің колониялары мен

протектораттарының зияткерлік меншікті қорғау үлгілеріне негізделген заңдармен қамтамасыз еткенін қалады. Олардың колониялары мен протектораттарында зияткерлік меншік туралы заңдарының болуы, өркениеттің қажетті алғышарты және «Батыс стилінде дамуы» бағытындағы жетістігінің куәлігі ретінде қарастырылды.

Ұзақ уақыт ішінде өздерінің тәуелсіздігін алған көптеген дамушы елдер зияткерлік меншікті реттейтін тиісті заңдары болған жоқ немесе сол заңдарды еуропалық елдер күткендей пайдалана алмады. Бұл жағдай Еуропалық Комиссияға (ЕК) зияткерлік меншікті сауда пайдасымен байланыстыратын құралдарды әзірлеген американдық жолмен жүруге түрткі болды.

ЕО-ның сауда заңдары дамушы елдердегі қарақшылық деңгейінің өсуіне байланысты қайта қаралды. 1984 жылдың 23 қыркүйегіндегі қабылданған Еуропалық Кеңестің қаулысы ЕО-ны оның құрамына кірмейтін елдерге және оның экономикалық мүдделерін қозғайтын заңсыз коммерциялық тәжірибеге (халықаралық құқықты немесе жалпыға танылған ережелерді бұзылуын анықтайтын) қатысты жауапты шаралар қабылдауға рұқсат етті.

Бұл ережелер екіжақты және көпжақты ұйымдардағы, әсіресе ГАТТ шеңберінде еуропалықтардың заңды сауда мүдделерін заңды түрде қорғауға және ЕО өзінің сауда әріптестері секілді жылдам және нәтижелі әрекет етуін қамтамасыз ету үшін әзірленді.

Қаулыға ЕО-ның мүше елдеріне мүшелеріне арналған кек алудың келесі шаралары енгізілген: коммерциялық саясат бойынша келіссөздер нәтижелеріндегі кез келген концессияларды тоқтата тұру немесе қайта қайтару; қолданыстағы кедендік баждарды жоғарылату немесе импорт үшін кез келген өзге алымдарды енгізу; импорт пен экспорт шарттарын өзгертетін немесе мүдделі үшінші елмен саудаға басқаша әсерін тигізетін сандық шектеулер не болмаса кез келген өзге шараларды енгізу (Olwan, 2011:64).

Мүше-мемлекеттерде зияткерлік меншік құқығын үйлестіру кеңінен жүзеге асырылды. Ол ерекше құқықтардың оларды қорғаудан қорғауға дейінгі әртүрлі аспектілерін қамтыды және барлық зияткерлік меншік объектілеріне қатысты жүзеге асырылды.

Үйлестіру бойынша ЕО құқығының қайталама актілері іс жүзінде зияткерлік меншік сұрақтары бойынша халықаралық келісімдер сияқты нәтижелер көрсетті. Көп жағдайда бұл келісімдегі мүше-мемлекеттердің міндеттемелерінің ішінде ұлттық заңдарында құқықтық қорғаудың ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету қажеттілігін қамтыды. Алайда, ЕО құқығы құрамындағы мемлекеттерге аз бостандық береді деп айтуға болмайды. Мысалы, 1986 жылғы 16 желтоқсандағы «Жартылай өткізгіш бұйымдар топологияларын құқықтық қорғау туралы» Кеңестің 87/54/ЕЭК Директивасына сәйкес зияткерлік меншік объектілерін құру фактісі нәтижесінде қорғалады. Сонымен қатар, мүше елдер формальдылықтардың орындалуын қорғауға, атап айтқанда, тіркеуге және сақтауға беруге байланысты болуы мүмкін (Directive 87/54/ЕЕС, 1986).

Халықаралық келісімдердегі міндеттемелерді жасау және орындау барысында пайдаланатын әдістермен салыстырғанда ЕО органдарының актілері зияткерлік меншікті құқықтық реттеу әдістерінің айтарлықтай айырмашылығы

зияткерлік меншік объектілерін қорғаудың бірыңғай режимін құру кезінде көрінеді. Дәл осы жазықтықта ЕО құқығы мен жеке мемлекеттің зияткерлік меншік құқығын салыстыруға болады.

Бүгінгі таңда ЕО-да тауарлық белгілер, өнеркәсіптік үлгілер, өсімдік сұрыптарын қорғаудың бірыңғай жүйесі сәтті әрекет етеді. Бұл объектілерге қоғамның толық аумағында бірдей әрекет ететін еуропалық зияткерлік меншік құқығы алынуы мүмкін. Әрбір мүше елде ЕО құқығы негізінде қауіпсіздік беріледі, ұлттық құқық ЕО органдарының актілерінде шешілмеген жағдайда ғана жеке мәселелерді шеше алады. Зияткерлік меншік құқықтарын бірыңғай қорғау жүйесінің жұмыс атқаруы үшін ЕО-да арнайы институционалдық тетіктер құрылды. Бұл жерде келесілерді атап өтсе болады: Ішкі нарықтағы үйлестіру жөніндегі ведомствосы (тауарлық белгілер мен өнеркәсіптік үлгілерге жауапты); Қоғамның өсімдік сорттары жөніндегі ведомствосы (өсімдік сұрыптарына патент үшін жауапты). Қорғаудың біртұтас жүйесін институционалдық қамтамасыз ету арнайы сот жүйесін құру арқылы жүзеге асырылды. Мүше елдердегі еуропалық зияткерлік меншік құқықтарының бұзылуы туралы істерді қарау үшін арнайы соттар тағайындалады (Леонович, 2010:235).

Авторлық құқық саласының негізін құрушы құжаттың бірі «Ақпараттық қоғамдағы авторлық және сабақтас құқықтарының кейбір аспектілерін үйлестіру туралы» 2001 жылғы 22 мамырдағы Еуропалық Парламент пен Кеңестің 2001/29/ЕО Директивасы болды. Бұл директива 1996 жылғы авторлық құқық бойынша Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы (ДЗМҰ) Келісімінің ережелерін еуропалық заңнамаларда жүзеге асыруға бағытталады (Directive 2001/29/ЕС, 2001).

Зияткерлік меншік туралы еуропалық құжаттардағы бірқатар ережелері нақты ережелерді белгілемесе де, олар болашақта белгілі бір мақсаттарды жария ететіні анық. Дегенімен, олардың барлығы толық көлемде іске асырылмады, мысалы, 2001 жылғы 22 мамырдағы 2001/29/ЕО Директивасының кіріспесінің 38-тармағы цифрлық және аналогтық жеке көшірудің арасындағы айырмашылықтарды ескеру қажеттілігін көрсетеді.

2001/29/ЕО Директивасының 2 және 4-баптарына сәйкес келесі құқықтарды бекітеді: туындыларды қайта шығару құқығын, жалпы қоғамның назарына хабарлау құқығын және басқа да объектілерді жалпы қоғамның назарына қолжетімді ету құқығын, тарату құқығын бекітеді. Бұл тізбе жекелеген елдердің ұлттық заңнамаларындағы тізбеге қарағанда әлдеқайда қысқа болып келеді. Бұл өкілеттіктерді көрсетудің мақсаты айрықша құқықтың бірыңғай үлгісін құру емес, келісуді қажет ететін жекелеген мәселелер бойынша бірыңғай тәсілдерді бекіту болып табылады. Мәселен, ең маңызды өзгеріс - жалпы ақпарат үшін туындыларды хабарлау құқығын енгізу және басқа нысандарды жалпы ақпарат үшін қол жетімді ету құқығы. Бұл құқық ең алдымен әлеуметтік желіге бағытталады. Пайдаланудың жаһандық сипаты ЕО-ға кіретін барлық елдер үшін бірыңғай реттеуді қалыптастыру қажеттілігін білдіреді. Екінші жағынан, тарату құқығын аталған директиваға енгізудің негізгі мәні - бұл жалпы әдеттегі құқықты еске түсіру емес, туындылардың түпнұсқаларына немесе көшірмелеріне және т.б. қатысты аймақтық құқықтың сарқылу қағидасын енгізу болып табылады.

2001/29/ЕО Директивасының 5-бабына сәйкес жекелеген мемлекет өз заңнамасына аталған құқықтарға қатысты енгізе алатын, бірақ олардың бәрін енгізуге міндеттемейтін айрықша құқықтардың ерекшеліктері мен шектеулерін атап көрсетеді. Мұндай құқықтардың барлығы сандық пайдалану әдістеріне нақты бағытталған емес, бірақ олардың барлығы осындай пайдалану аясында маңызды (Павлова, Калятин, Борминская, 2016:9). Сонымен қатар, басқа өкілеттіктерге арнайы арналған құжаттардың бірі 2001 жылғы 27 қыркүйекте қабылданған Еуропалық Парламент пен Кеңестің 2001/84/ЕО «Түпнұсқа өнер туындысының авторының пайдасына қайта сату құқығы туралы» Директивасы (Directive 2001/84/EC, 2001).

«Компьютерлік бағдарламаларды құқықтық қорғау туралы» 1991 жылғы 14 мамырдағы 91/250/ЕЭК Директивасы (2009 жылғы 23 сәуірдегі 2009/24/ЕО Директивасымен, негізінен редакциялық сипаттағы өзгерістермен ауыстырылды) және «Деректер базасын құқықтық қорғау туралы» 1996 жылғы 11 наурыздағы 96/9/ЕО Директивасы өз уақыты үшін шын мәнінде революциялық болды. Біріншісі компьютерлік бағдарламалар үшін авторлық құқықты қорғау моделін бекітті, ал екіншісі мәліметтер базасын қорғаудың екі режимін енгізді: мазмұнды іріктеу және ретке келтіру бөлігінде-авторлық құқыққа арналды, ал мәліметтер базасының мазмұнын алуға, тексеруге немесе ұсынуға сандық немесе сапалық маңызды инвестициялар бөлігінде – арнайы жасалған *suí generis* құқығы болды. Егер компьютерлерге арналған бағдарламаларды қорғаудың көрсетілген үлгісі әлемде әлі де басым болса, онда мәліметтер базасын тиісті құқықпен қорғаудың орындылығы тұрғысынан пікірталастар осы уақытқа дейін тоқтаған жоқ (Directive 1996/9/EC, 1996).

Осы құжаттардың атауларынан көрініп тұрғандай, олар туындыларды қолданудың нақты нысандарын реттейді. Атап айтқанда, аталған директивалар осы пайдалану нысандарының мазмұнын сипаттайды, мүмкін болатын ерекшеліктер мен шектеулерді тізімдейді.

Нәтижелер мен қорытынды

Еуропалық Одаққа қатысушылар саны 2004 жылдан бастап арта бастады. Бір мезетте Орталық және Шығыс Еуропа елдерінен он жаңа мүше-мемлекеттер қабылданған уақытта, төмен интеграцияланған және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан бұрын қосылған мемлекеттерден айтарлықтай ерекшеленді. Сондықтан аймақтық бірлестікті кәсіпкерлік қызметті бірыңғай құқықтық реттеуді жетілдіру және кеңейту арқылы нығайту қажеттілігі туындады (European Competitiveness Report, 2008).

ЕО-да ғылыми-техникалық үдерісті жеделдетудің өткір қажеттілігі анықталды. Еуропалық өнеркәсіптік өнімнің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін бірлестікке мүше-мемлекеттердегі ғылымды қажет ететін өндірісінің мүмкіндіктерін оңтайлы қолдануды қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламалар қабылданды. Осы инновациялық-бағдарланған өнеркәсіптік саясаттың бастауы ретінде экономикалық қатынастардың толыққанды жаңаруына және дамуына серпін берген зияткерлік меншікті тиімді

қорғау болды. Бұл құқықтарды толығымен қорғау үшін құжаттарды қабылдауды барынша назар аударуды талап ететін басым салаларда құқықтарды қорғауды көздейтін құжаттармен ұштастыру тәжірибесі қолданылды. Аймақтық бірігуді кеңейтуді нығайту мүдделерінен туындаған зияткерлік меншік құқықтарын қорғаудың маңызды құралдарының бірі қорғаудың жоғары және бір уақытта тең және оның біркелкі деңгейіне жету үшін ұлттық нормаларын жақындастыру болып табылды. Бұл тәсіл кәсіпкерлердің қызметін тауар сапасын жоғарылату, қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жаңартуға ынталандырды. Бұл дегеніміз, әлемдік нарыққы кіруді жеңілдететін дәстүрлі және қазіргі заманғы адал бәсекелестік әдістерін жетілдіруді көрсетеді (Лихачев, 2014:82).

Оның ішінде 2006 жылдың 12 желтоқсандағы Еуропалық Парламент пен Кеңестің 2006/115/ЕО «Жалдау құқығы және несие беру құқығы және зияткерлік меншік саласындағы авторлық құқықпен байланысты кейбір құқықтар туралы» Директивасын айтса болады (Directive 2006/115/EC, 2006). 2006 жылдың 12 желтоқсанындағы Еуропалық Парламент пен Кеңестің 2006/116/ЕО «Авторлық құқық пен кейбір сабақтас құқықтарды қорғау мерзімі туралы» Директивасы және 2011 жылғы 27 қыркүйектегі Еуропалық Парламент пен Кеңестің 2011/77/ЕО Директивасы 2006/116/ЕО Директивасына «Авторлық және кейбір сабақтас құқықтарды қорғау мерзімдері туралы өзгерістер енгізу туралы» директивасы ЕО авторлық құқық пен кейбір сабақтас құқықтарды қорғау мерзімін және оларды есептеудің ерекше жағдайларын шешуді біріктірді. Енді 2006/116/ЕО Директивасының 1-бабына сәйкес сөздер жазылған музыкалық композицияны қорғау мерзімі, осы адамдар тең авторлар ретінде көрсетілгеніне қарамастан, тірі қалған келесі адамдардың соңғысы қайтыс болғаннан кейін 70 жылдан кейін аяқталады: мәтін авторы және музыкалық композицияның композиторы, егер екі салым да сөздермен сәйкес музыкалық композиция үшін арнайы жасалған болса деп көрсетіледі. 2006/116/ЕО директивасының 3-бабына сәйкес егер фонограмма заңды түрде жарияланғаннан кейін 50 жыл өткен соң немесе мұндай жарияланым болмаған жағдайда, ол заңды түрде көпшілікке жеткізілгеннен кейін 50 жыл өткен соң, фонограмма жасаушы фонограмманың көшірмелерін жеткілікті мөлшерде сатуға ұсынбаса немесе оны жұртшылық өкілдері оған жергілікті жерден және өздері жеке таңдаған уақытта қол жеткізе алатындай етіп сымды немесе сымсыз құралдар арқылы жұртшылыққа ұсынбаса, орындаушы фонограмма жасаушыға өзінің орындаушылығын жазуға өз құқықтарын берген шартты бұза алады. Егер өндіруші алдыңғы ұсынысқа сәйкес беру немесе басқаға беру туралы шартты бұзу ниеті туралы орындаушы хабарлаған кезден бастап бір жыл ішінде осы ұсыныста айтылған пайдаланудың екі актісін де орындамаса, беру немесе басқаға беру туралы шартты бұзу құқығы іске асырылуы мүмкін. Орындаушы шартты бұзу құқығынан бас тарта алмайды. Егер фонограммада көптеген орындаушылардың өнер көрсетулерінің жазбасы болса, олар қолданыстағы ұлттық заңнамаға сәйкес беруге немесе өзгеге беруге арналған келісімшарттарын бұза алады. Егер беру немесе басқаға беру туралы шарт осы тармаққа сәйкес тоқтатылса, фонограмма жасаушының фонограммаға құқықтары аяқталды деп есептеледі (Directive 2011/77/EC, 2011).

Бұл ретте, мысалы, атқарулар мен фонограммалар жазбаларын қорғаудың ұлғайтылған мерзімі көзделетінін, бірақ сонымен бір мезгілде орындаушыларға өздерінің ескі жазбаларына қатысты табыс алуға қосымша мүмкіндіктер беруге бағытталған бірқатар арнайы шаралар енгізілетінін айта кету керек.

Бүкіл одақ аумағында озық білімнің, технологиялардың және ноу-хаудың таралуына алып келетін зияткерлік меншікке қатысты құқықтарды қорғаудың ұлттық нормаларын жақындастыру бойынша негізгі құжаттардың бірі 2009 жылғы 29 сәуірдегі Еуропалық Парламент пен Еуропалық Кеңестің 2004/48/ЕО Директивасы болып саналады (Directive 2004/48/EC, 2004). Директива ЕО-ның ішкі нарығында құқық иесіне бірдей қауіпсіздік жағдайларын жасай келе, мүше елдердің үкіметтерін зияткерлік меншік құқықтарын қасақана бұзу әрекеттерін болдырмау үшін тиісті түзету шараларын қабылдауға міндеттейді. Бұл үшін мүше мемлекеттер бірыңғай шаралар мен рәсімдер жүйесін әзірлеу барысында құқық бұзушыларға қарсы арналған санкциялар әділ және құқықтарды қайта бұзуды болдырмайтындай жеткілікті тиімді болуына назар аударады. Сонымен қатар, санкциялар заңды саудаға кедергі келтірмеуі және жауапкердің сот органдары тарапынан жасалған қиянаттан қорғануын алдын ала қарастырмауы тиіс. Зияткерлік меншік иелерінің құқықтарын бұзғанына қатысты қылмыстық сипаты бар шараларды қосқанда, нақты санкциялар туралы шешімдер ЕО-ға қатысушы елдердің ұлттық соттарының қарауына қалдырылады. ЕО комиссиясы келіп түскен ақпараттарында зияткерлік меншік иесіне коммерциялық залал келтіргені үшін санкцияларды қатаңдату туралы мәселені пысықтап жатқанын атап өту қажет.

Зияткерлік меншіктің жекелеген түрлеріне қатысты құқықтық режимді реттеуде нормативтік актілер маңызды рөл атқарады. Мысалы, «Қоғамдастықтың тауар белгілері туралы» ЕО 207/2009 ережелерінде аталған сала бойынша құқық иелерін құқықтық қорғау бойынша рәсімдері мен шаралары ұсынылады. Дәлірек айтқанда, өтінімдерді қабылдау және тауар белгілерін тіркеу ішкі нарықтағы үйлестіру бюросына тапсырылғаны нақты көрсетіледі. Тіркеу иесіне осындай белгіні иеленуге айрықша құқық береді және оны барлық қатысушы елдерде он жыл бойы (ұзарту мүмкіндігімен) қорғауды қамтамасыздандырады. Дауларды қараумен байланысты рәсімдермен апелляциялық палата айналысады.

Көптеген жылдар бойы ЕО-да Еуропалық Одақ үшін бірыңғай патент берудің толыққанды тетігін құруға талпыныс жасалып келді. Соның нәтижесінде 2012 жылы бұл тетіктің қалыптасуына жақындап келетін құжаттар қабылданды: «Бірыңғай патенттік қорғауды құру саласындағы кеңейтілген ынтымақтастықты жүзеге асыру туралы» 2012 жылдың 17 желтоқсанындағы 1257/2012 Регламент және «Ауыстыру туралы қолданылатын келісімдерге қатысты бірыңғай патенттік қорғауды құру саласында кеңейтілген ынтымақтастықты жүзеге асыру туралы» 2012 жылғы 17 желтоқсанындағы 1260/2012 Регламент. Бұл Келісім Еуропалық Парламентпен мақұлданып, 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді.

ЕО-ның жаңа патенттік жүйесі бүкіл мүше елдер аумағында әрекет ететін орталықтандырылған тіркеуді және талап етілетін құжаттарды беруді

қамтамасыз етеді. Даулар тек қана Бірыңғай патенттік сотпен реттеледі. Еуропалық патентті растайтын сот шешімі ЕО-ның барлық аумағында заңды күші болады. Бірыңғай еуропалық патенттеу жүйесі оның рәсімдерін жеңілдетеді, тіркеу мерзімдерін қысқартады және патентті алу шығындарын алдында қолданылған ұлттық патенттеу тәртібімен және ЕО-ның ресми тілдеріне аудару қажеттілігімен салыстырғанда азайғаны көрінеді.

Соңғы уақытта ЕО органдары ғылыми-техникалық үдерістің әсерінен, өнімдердің өндірісін жеңілдететін және арзандататын контрафактілік өнімдерді өзге елдерден жеткізілген кезде бұзылатын құқық бұзушылықтарға көп көңіл аударады. ЕО аумағындағы контрафактінің түсуіне қарсы күрес бойынша негізгі қызметті мүше елдердің кеден органдарына жүктеледі.

Бұл бағыттың бастапқы құқықтық негізі Кеңестің (ЕО) 2003 жылғы 22 шілдедегі 1383/2003 белгілі бір зияткерлік меншік құқықтарын бұзды деп күдік келтірілген тауарларға қатысты кедендік іс-әрекеттер және осындай құқықтарды бұзды деп танылған тауарларға қатысты қабылдануы тиіс шаралар туралы қаулысы болып табылады. Қаулы тексеру технологиясын жеңілдетіп қана қоймай және оның құнын төмендетеді, бірақ ең бастысы - кеден органдарына заңсыз тауарларды артық бюрократиялық рәсімдерсіз және олардың иелеріне қандай да бір өтемақы төлеместен жою құқығын берді (Council Regulation (EC) №1383/2003, 2003).

2013 жылдың 18 желтоқсанында ЕО Комиссиясы зияткерлік меншік иелерінің өтініштері бойынша осы саладағы кедендік рәсімдерді мүше елдерде біріздендіретін, одақ аумағына шетелдік контрафактілік өнімнің келіп түсуіне қарсы күрес бойынша жаңа құжат шығарды (2014 жылдың 1 қаңтарында күшіне енді) (Commission implementing regulation (EU) No 1352/2013, 2013).

Зияткерлік меншік құқығының нәтижелігін жоғарылату мақсатында ЕО органдары Дүниежүзілік сауда ұйымы және оның Хатшылығымен, сонымен қатар ұйым құрамына кіретін мүше елдермен тығыз өзара әрекеттесе бастады.

Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау жүйесін дамыту ЕО-ның инновациялық тұрғыдағы қызметі көптеген жағдайларда 1994 жылы жасалған зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі ДСҰ Келісімінің баптарында көзделген ережелеріне негізделеді.

Келісімде контрафактінің нарыққа шығуына қарсы іс – қимылдар қарастырылады. Атап айтқанда, ТРИПС жөніндегі келісімнің 46 бабы – «Соттық қорғаудың басқа шаралары» деп аталады және бұл бапқа сәйкес контрафактілік тауарларды сауда желісінен алып қою және оларды өтемсіз жою қарастырылады. Ал 51 бабы – «Кеден органдарының тауарларды айналысқа шығаруды тоқтата тұруы» деп аталады және бұл бапқа сәйкес кеден органдарына авторлық құқықтарды бұза отырып немесе заңсыз пайдаланылатын тауар белгілерімен өндірілген тауарларды елге кіргізуді және оның аумағынан шығаруды тоқтату құқығын беру туралы болып отыр (TRIPS, 1994). Осыған ережелерге ұқсас талаптар ЕО-ның контрафактіге қарсы қабылданған құжаттарында көрініс табады.

Комиссия ЕО-ның сыртқы шекарасындағы контрафактілікпен және өзге де зияткерлік меншік құқықтарымен күресу бойынша бастамаларды ұсынды. Сол

бастамалардың ішінде 2018-2022 жылға арналған зияткерлік меншік құқықтарын бұзумен күрес бойынша ЕО-ның Кедендік іс-қимыл жоспары да бар. Жоспар төрт стратегиялық мақсат бойынша әрекет етеді: одақтың бүкіл аумағында зияткерлік меншік құқықтарын сақтауды кедендік бақылауды нәтижелі қамтамасыз ету; зияткерлік меншік құқықтарын бұзатын тауарлар саудасындағы негізгі тенденцияларға қарсы күрес; бүкіл халықаралық жеткізілім тізбегін бұзатын тауарлар саудасымен күрес; зияткерлік меншік құқықтарын бұзу жөніндегі Еуропалық обсерватория мен құқық қорғау органдарымен ынтымақтастықты күшейту.

ЕО-дағы зияткерлік меншік құқығын қорғауды жетілдіру саяси факторлармен өзара байланысты бағыттарды ескере отырып, бірнеше жолмен жүзеге асырылады.

2020 жылдың қараша айында Комиссия тұрақтылықты арттыру және жоғарылату бойынша ЕО зияткерлік меншік саласындағы бастамасын қолдауға арналған жаңа іс-қимыл жоспарын жариялады. Бұл жоспардың басты бес кілттік бағыты:

- зияткерлік меншікті қорғауды жақсарту;
- зияткерлік меншікті шағын және орта компаниялармен қолдануды ынталандыру;
- зияткерлік меншікті бірлесіп пайдалануға жәрдемдесу;
- зияткерлік меншік құқықтарын сақтауды жақсарту және контрафактілікпен күресу;
- жаһандық деңгейдегі ойын үшін тең шарттарды құруға ықпалдасу (www.esa.europa.eu).

Осылайша, Еуропалық Одақ, бір жағынан, бірлестікке барлық мүше елдер үшін бірыңғай бәсекелестікке қабілетті ортаны күшейту мақсатында зияткерлік меншік құқықтарын қорғаудың орталықтандырылған жүйесін қалыптастырып, әлемде осы сала бойынша жиналған тәжірибені барынша пайдалануға ұмтылады, ал екінші жағынан, Еуропалық одақтың өзінің жинақтаған тәжірибесін қолдануы арқылы зияткерлік меншікті қорғау деңгейін тез арада арттыруға, ғылыми-техникалық прогресті жылдамдатуға және қойылған мақсатқа қысқа уақытта қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Қорытындылай келе, қазіргі таңда ЕО – ең ірі интеграциялық бірлестіктің бірі ретінде әлемге танымал ұйым. Одақ құрамына кіретін мемлекеттер зияткерлік меншікке қатысты құқықтарды қорғау бойынша дамыған жүйесімен ерекшеленеді. Одақ аумағында тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің еркін қозғалысы жолында туындаған кедергілерді, сондай-ақ ЕО-ның ішкі нарығындағы бәсекелестікті бұрмалайтын себептерді жою мақсатында мемлекеттердің ұлттық заңнамаларында орын алатын сәйкессіздіктерді жою бойынша жұмыс тұрақты жүргізіліп отырады.

Зияткерлік меншікке қатысты құқықтарды құқықтық реттеуде өңірлік сауда келісімдерін жасасу кезінде ЕО-ның даму стратегиясын қалыптастырудың маңызды факторы және дағдарыс құбылыстарын еңсерудің ажырамас элементі болып табылады. Сонымен қатар, сауда келіссөздерін жүргізу барысында зияткерлік меншік бөлігінде ТРИПС жөніндегі келісімінің ережелерін

пайдалануды кеңейту үрдісі белгіленіп отыр. ЕО елдері арасында заңнаманы дамыту мен біріздендірудің маңызды бағыттары патенттік жүйе, сауда белгілері мен брендтерді қорғау жүйесі, сондай-ақ авторлық және сабақтас құқықтарды, оның ішінде интернет-кеңістікте сақтау мәселелерін реттеу болып табылады. Дегенімен, қазіргі уақытта тауарлық белгілер туралы заң мен дизайн туралы заң да толықтай үйлеседі, ал авторлық құқық туралы заңы мен патент туралы заңы да артта қалмайтыны анық болды. Осылайша, ЕО шеңберінде ұсынылған зияткерлік меншікті қорғау шаралары экономикалық және әлеуметтік дамуға ықпал ететін әділ сауданы ынталандыруға үлкен септігін тигізіп отыр.

Қазақстан Еуропалық Одақты бірыңғай ішкі нарығына белсенді түрде кіруге ғана емес, сонымен бірге одақтың құрамындағы мүше мемлекеттерден өз экономикасына инвестициялар ағынын күшейтуге де негізделген. ЕО-ның қуатты экономикалық әлеуеті мен саяси белсенділігі болашақта Қазақстанның сыртқы саясатында өз маңыздылығын сақтайтынына сенімділік береді.

Әдебиеттер тізімі

Agreement on Trade-Related Aspects of Intellectual Property Rights (1994). Retrieved from <https://wipolex.wipo.int/en/text/379915>

An official website of the European Union (2020). An intellectual property action plan for the EU. Retrieved from https://ec.europa.eu/growth/industry-strategy/intellectual-property_en

An official website of the European Union (2020). Protecting intellectual property rights in the EU. Retrieved from https://www.eca.europa.eu/lists/ecadocuments/ap20_13/ap_intellectual_property_rights_en.pdf

Commission implementing regulation (EU) (2013) No 1352/2013 of 4 December 2013 establishing the forms provided for in Regulation (EU) No 608/2013 of the European Parliament and of the Council concerning customs enforcement of intellectual property rights. Retrieved from <https://eur-lex.europa.eu/legalcontent/EN/TXT/?uri=CELEX%3A32013R1352>

Council Directive (1986) 87/54/EEC of 16 December 1986 on the legal protection of topographies of semiconductor products. <http://data.europa.eu/eli/dir/1987/54/oj>

Council Regulation (EC) (2003) No 1383/2003 of 22 July 2003 concerning customs action against goods suspected of infringing certain intellectual property rights and the measures to be taken against goods found to have infringed such rights. Retrieved from <http://data.europa.eu/eli/reg/2003/1383/oj>

Directive (1996) 96/9/EC of the European Parliament and of the Council of 11 March 1996 on the legal protection of databases. Retrieved from <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=celex%3A31996L0009>

Directive (2001) 2001/29/EC of the European Parliament and of the Council of 22 May 2001 on the harmonisation of certain aspects of copyright and related rights in the information society. Retrieved from <http://data.europa.eu/eli/dir/2001/29/oj>

Directive (2001) 2001/84/EC of the European Parliament and of the Council of 27 September 2001 on the resale right for the benefit of the author of an original work of art. Retrieved from <http://data.europa.eu/eli/dir/2001/84/oj>

Directive (2004) 2004/48/EC of the European Parliament and of the Council of 29 April 2004 on the enforcement of intellectual property rights. Retrieved from <http://data.europa.eu/eli/dir/2004/48/corrigendum/2004-06-02/oj>

Directive (2006) 2006/115/EC of the European Parliament and of the Council of 12 December 2006 on rental right and lending right and on certain rights related to copyright in the field of intellectual property. Retrieved from <http://data.europa.eu/eli/dir/2006/115/oj>

Directive (2011) 2011/77/EU of the European Parliament and of the Council of 27 September 2011 amending Directive 2006/116/EC on the term of protection of copyright and certain related rights. Retrieved from <http://data.europa.eu/eli/dir/2011/77/oj>

Olwan R.M. (2011) Intellectual Property and Development: Theory and Practice: thesis. ...Doctor of Philosophy. Australia, 439.

Piotraut, J. (2004). European National IP Laws under the EU Umbrella: From National to European Community IP Law. U. Chi. Int'l L. 2. 61. Retrieved from <http://lawecommons.luc.edu/lucilr/vol2/iss1/4>

Reid, D. (2012). Intellectual Property Rights: A Comparative Perspective on Asia, the EU, and North America. Norteamérica. 7. 31-666. Retrieved from http://www.scielo.org.mx/scielo.php?script=sci_arttext&pid=S1870-35502012000100002

UNSPECIFIED (2008) European competitiveness report 2008. Commission staff working document. SEC (2008) 2853 final, 28 November 2008. Retrieved from <http://aei.pitt.edu/45440/>

Verma, V. (2021) Relationship between intellectual property laws and the EU regulation. <https://blog.ipleaders.in/relationship-between-intellectual-property-laws-eu-regulation/#Conclusion>

Леонович Е.Б. (2010) Специфика права интеллектуальной собственности ЕС: возможна ли аналогия с национальным правом? Актуальные проблемы международного публичного и международного частного права, сборник научных трудов, 2, 232-244.

Лихачев А.В. (2014) Современное состояние защиты прав интеллектуальной собственности в ЕС. Российский внешнеэкономический вестник, 8, 80-88

Павлова Е.А., Калятин В.О., Борминская Д.С. (2016). Европейское право интеллектуальной собственности: основные акты Европейского Союза. Москва: Статут.

Топорнин Б.Н. (1998). Европейское право. Москва: Юристъ

References

Agreement on Trade-Related Aspects of Intellectual Property Rights (1994). Retrieved from <https://wipolex.wipo.int/en/text/379915>

An official website of the European Union (2020). An intellectual property action plan for the EU. Retrieved from https://ec.europa.eu/growth/industry-/strategy/intellectual-property_en

An official website of the European Union (2020). Protecting intellectual property rights in the EU. Retrieved from https://www.eca.europa.eu/lists/ecadocuments/ap20_13/ap_intellectual_property_rights_en.pdf

Commission implementing regulation (EU) (2013) No 1352/2013 of 4 December 2013 establishing the forms provided for in Regulation (EU) No 608/2013 of the European Parliament and of the Council concerning customs enforcement of intellectual property rights. Retrieved from <https://eur-lex.europa.eu/legalcontent/EN/TXT/?uri=CELEX%3A32013R1352>

Council Directive (1986) 87/54/EEC of 16 December 1986 on the legal protection of topographies of semiconductor products. <http://data.europa.eu/eli/dir/1987/54/oj>

Council Regulation (EC) (2003) No 1383/2003 of 22 July 2003 concerning customs action against goods suspected of infringing certain intellectual property rights and the measures to be taken against goods found to have infringed such rights. Retrieved from <http://data.europa.eu/eli/reg/2003/1383/oj>

Directive (1996) 96/9/EC of the European Parliament and of the Council of 11 March 1996 on the legal protection of databases. Retrieved from <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=celex%3A31996L0009>

Directive (2001) 2001/29/EC of the European Parliament and of the Council of 22 May 2001 on the harmonisation of certain aspects of copyright and related rights in the information society. Retrieved from <http://data.europa.eu/eli/dir/2001/29/oj>

Directive (2001) 2001/84/EC of the European Parliament and of the Council of 27 September 2001 on the resale right for the benefit of the author of an original work of art. Retrieved from <http://data.europa.eu/eli/dir/2001/84/oj>

Directive (2004) 2004/48/EC of the European Parliament and of the Council of 29 April 2004 on the enforcement of intellectual property rights. Retrieved from <http://data.europa.eu/eli/dir/2004/48/corrigendum/2004-06-02/oj>

Directive (2006) 2006/115/EC of the European Parliament and of the Council of 12 December 2006 on rental right and lending right and on certain rights related to copyright in the field of intellectual property. Retrieved from <http://data.europa.eu/eli/dir/2006/115/oj>

Directive (2011) 2011/77/EU of the European Parliament and of the Council of 27 September 2011 amending Directive 2006/116/EC on the term of protection of copyright and certain related rights. Retrieved from <http://data.europa.eu/eli/dir/2011/77/oj>

Olwan R.M. (2011) Intellectual Property and Development: Theory and Practice: thesis. ...Doctor of Philosophy.Australia, 439.

Piotraut, J. (2004). European National IP Laws under the EU Umbrella: From National to European Community IP Law. U. Chi. Int'l L. 2. 61. Retrieved from <http://lawcommons.luc.edu/lucilr/vol2/iss1/4>

Reid, D. (2012). Intellectual Property Rights: A Comparative Perspective on Asia, the EU, and North America. Norteamérica. 7. 31-666. Retrieved from http://www.scielo.org.mx/scielo.php?script=sci_arttext&pid=S1870-35502012000100002

UNSPECIFIED (2008) European competitiveness report 2008. Commission staff working document. SEC (2008) 2853 final, 28 November 2008. Retrieved from <http://aei.pitt.edu/45440/>

Verma, V. (2021) Relationship between intellectual property laws and the EU regulation. <https://blog.ipleaders.in/relationship-between-intellectual-property-laws-eu-regulation/#Conclusion>

Leonovich E.B. (2010) Specifika prava intellektual'noj sobstvennosti ES: vozmozhna li analogiya s nacional'nym pravom?, Aktual'nye problemy mezhdunarodnogo publichnogo i mezhdunarodnogo chasnogo prava, sbornik nauchnyh trudov [The specifics of EU intellectual property law: is an analogy with national law possible?, Actual problems of international public and international private law, collection of scientific papers] 2, 232-244. [in Russian]

Lihachev A.V. (2014) Sovremennoe sostoyanie zashchity prav intellektual'noj sobstvennosti v ES, Rossijskij vneshneekonomicheskij vestnik [The current state of intellectual property rights protection in the EU, Russian Foreign Economic Bulletin], 8, 80-88. [in Russian]

Pavlova E.A., Kalyatin V.O., Borminskaya D.S. (2016). Evropejskoe pravo intellektual'noj sobstvennosti: osnovnye akty Evropejskogo Soyuza [European Intellectual Property Law: the main acts of the European Union]. Moskva: Statut. [in Russian]

Topornin B.N. (1998). Evropejskoe parvo [European law]. Moscow: Yurist. [in Russian]